



## ОРНЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ОРТАҚ МҮДДЕ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары аясында «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» саммитіне қатысты. Жиынға орнықты дамудың жаһандық сын-қатерлерін талқылау үшін әлем көшбасшылары мен сарапшылар келді.



Мемлекет басшысы саммитте бірінші болып сөз сөйлеп, бүгінде әлем климаттың өзгеруі, қуаншылық, биоалуантүрліліктің жойылуы, су тапшылығы және азық-түлік қауіпсіздігі секілді аса өзекті проблемалармен бетпе-бет келіп отырғанын атап өткен еді.

Сондай-ақ сапар аясында Мемлекет басшысы Masdar компаниясының бас атқарушы директоры Мұхаммед Әл-Рамахи мен ADNOC компаниясының қайта өңдеу және өткізу жөніндегі бас атқарушы директоры Халид Салминді қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Masdar компаниясы арасындағы серіктестік жаңа әрі сапалы деңгейге

көтерілгенін атап өтті. Президент компания өкілдерімен бірге Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт болатын жел электр стансасының құрылысын жүзеге асыруға қатысты келісімдерге қол жеткізілгенін айтты. Аталған ірі жобаға 1,4 миллиард доллар инвестиция салынады.

Өз кезегінде Мұхаммед Әл-Рамахи компанияның құрылыс жұмыстары бойынша жоспарымен бөлісті. Сондай-ақ жоба аясында жел турбиналарының өндірісіне жергілікті өнімдерді қолдануға қызығушылық танытып отырғанын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Әл-Рамахи Masdar компаниясының Қазақстандағы қызмет аясын кеңейте отырып, жаңартылатын энергетика және цифрландыру салаларындағы маңызды жобаларды іске асыру жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар кездесуге Abu Dhabi National Oil Company (ADNOC) қайта өңдеу және өткізу жөніндегі бас атқарушы директоры Халид Салмин қатысты. Президент еліміздің ADNOC компаниясымен серіктестікті одан әрі дамытуға баса мән беретінін атап өтті. Халид Салмин екі елдің ұлттық мұнай-

газ компаниялары арасындағы өзара ықпалдастықтың перспективаларына тоқталды.

Кездесуде мұнай-газбен қатар геологиялық барлау ісіндегі бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланып, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылды.

Сонымен бірге Президент Abu Dhabi Ports Group бас директоры Мұхаммед Әл-Шамисимен кездесті. Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың перспективасы талқы-


ланды, сондай-ақ көлік-логистика саласында бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселесі қарастырылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Abu Dhabi Ports компаниясының бірқатар ірі нысан құрылысына қатысты жоспарына қолдау көрсетіп, бұл бастамалар Қазақстанның Каспий теңізіндегі айлақ және теңіз инфрақұрылымын дамыту жөніндегі стратегиялық мүддесіне сай келетінін атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

## ЖҰРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТЕР СӨЗ

Тілі жақын елдің – рухы жақын. Бұл – ақиқат. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын ұлтқа арналған жүрек сөзі ретінде қабылдадым. Өйткені ол халқына бүкпесіз, сыр-сұхбат жасай отырып, ұлт алдындағы парыз бен қарыз туралы толғанады.



### АРМИЯДА ЖАСТАРҒА ҮЛГІ БОЛАР АЗАМАТТАР КӨП

Әскер қатарында өмірі жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық сардарлар мен сарбаздар аз емес. Олар барынша насихатталып та жатыр. Әрине, көбіне ақпарат көлемінде, әрі кетсе олар туралы газеттерде эссе немесе очерк жарық көреді.



→ 6

### «ЖОШЫ ХАН» ЕЛДЕ ТҮСІРІЛЕДІ

14 қаңтарда Ыстамбұлдағы Karga Seven Pictures кинокомпаниясының кеңсесінде шартты атауы «Алтын империя» жобасы бойынша шығармашылық топтың отырысы өтті. Кездесуге Қазақстанның Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин қатысты.



→ 8

### НАРЫҚ

2022 жылдан бері шетелдік интернет-компаниялар Қазақстанның бюджетіне жалпы көлемі 69,1 млрд теңге мөлшерінде «цифрлық салық» аударған. Бұл қаражат цифрлық экономиканың дамуы мен онлайн-коммерцияның ел бюджетіне оң ықпал еткенін көрсетеді. Естеріңізге сала кетсек, сол жылдан бастап шетелдік интернет-компаниялардың ел аумағында жеке тұлғаларға электрондық түрде тауарлар сатып, қызмет көрсеткені үшін қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеу міндеттелген болатын. Қазақстанның Салық кодексіне сәйкес, салық мөлшері 12% деп белгіленген еді.

## ИНТЕРНЕТ НАРЫҒЫ, ҚАНША ЕКЕН САЛЫҒЫ?



→ 5

16 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

# ОРНЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ОРТАҚ МҮДДЕ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы көлік инфрақұрылымы мен тасымал дәліздерін дамыту еліміздің орнықты экономикалық өсімін қамтамасыз етуге және халықаралық сауданы жандандыруда ерекше рөл атқаратынын жеткізді.

Мұхаммед Әл-Шамири бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында ұдайы қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ Президентке «Самұрық-Қазына» қорымен және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен тиімді серіктестік орнатқаны туралы мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Әл-Шамири бірлескен жобалардың табысты жүзеге асатынына сенім білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары барысында сарапшылармен жасанды интеллектті (ЖИ) дамыту мәселесін талқылады.

Мемлекет басшысы ЖИ қазіргі замандағы прогрестің ең басты қозғаушы күштерінің бірі саналатынын әрі экономиканы түбегейлі өзгерте алатынын атап өтті.

— Қазақстанда жасанды интеллектті ілгерілетуге берік негіз қалау үшін маңызды қадамдар жасалып жатыр. Институционалдық орта қалыптастыруға, инфрақұрылым мен адам капиталын дамытуға баса мән беріліп отыр. Институционалдық құрылым аясында Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңес құрылды. Оған өзін жетекшілік жасаймын. Бұл кеңес әлемдік деңгейдегі сарапшылармен диалог жүргізіп, пікір алмасатын стратегиялық алаңға айналады. ЖИ саласындағы ұлттық саясатқа қатысты ұсынымдар



әзірлеп, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында оның жұмысына инженерлер, зерттеушілер мен кәсіпкерлер кенінен тартылады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ЖИ саласына жоғары санатты маман даярлау және қолдау ісіне айрықша басымдық беріп отырғанына тоқталды. Президенттің айтуынша, ЖИ-дің қолданысқа табысты енуі осындай технологияларды әзірлейтін және пайдаланатын адамдардың біліктілігі мен тәжірибесіне тікелей байланысты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы елімізде AI өзік технологиялар орталығы құрылғанын мәлімдеді. Орталық әлемдегі үздік тәжірибелерді игеріп, инновациялық шешімдерді енгізуіне ықпал етеді. Президент жасанды интеллектке байланысты бастамаларды жүзеге асыратын хабта мектептерге, университеттерге және кәсіби даярлық орталықтарына арналған білім беру бағдарламалары жасқалатынын айтты. Сондай-ақ онда зерттеушілерге, стартаптар мен компания-

ларға арналған кеңселер, тәжірибе алмасу алаңдары орналасады.

— Біз ЖИ саласындағы адам капиталын дамыту мақсатында AI-Sana деп аталатын инновациялық білім беру бағдарламасын жасадық. Бағдарлама түрлі сала мамандарының пәнаралық даярлығын қамтамасыз етеді және ЖИ-ге қатысты озық шешімдерді әзірлеуге септігін тигізеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Қазақстан жаһандық жасанды интеллект

экожүйесінің белсенді мүшесі болуға ұмтылатынын жеткізді. Сонымен қатар кездесуге қатысушыларды ғылыми зерттеуден бастап этикалық стандарттарды бекітуге дейінгі сан салалы жұмысқа атсалысуға шақырды.

Жиында Polynome компаниясының негізін қалаушы Александр Ханин, G42 компаниясының жасанды интеллект жөніндегі бас директоры Джексон Эндрю, Абу Дабидегі Халифа ғылым және технология университетінің профессоры Дебба Меруан, БҰҰ-ның «Игілікке арналған ЖИ» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Әл Мазруи Эбтесам, Coge42 компаниясының мемлекет істері және серіктестік жөніндегі директоры Әл Каисси Талал, Мұхаммед бен Заид атындағы Жасанды интеллект университетінің ректоры және профессоры Тимати Болудин, Saal.ai компаниясының жасанды интеллект бөлімінің жетекшісі Абдулнаби Абрар, Mubadala Investment Company венчурлық жобалар және даму бөлімінің жетекшісі Әл Мазруи Фарис Сухейл қатысып, пікір білдірді.

Мемлекет басшысы «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» алаңында Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелонимен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Джорджа Мелониді туған күнімен құттықтап, достас Италия халқының игілігі жолындағы мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Президент былтыр Римге жасаған ресми сапарын ықпалмен еске алып, соның нәтижесінде Қазақстан—Италия қатынастарының жана кезеңіне жол ашылғанын атап өтті. Мемлекетаралық ынтымақтастықты жоғары деңгейде сақтау үшін Қасым-Жомарт Тоқаев Джорджа Мелониді Астанаға ресми сапармен келуге шақырды.

## ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев Қытай Халық Республикасына сапары аясында Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитеті Төрағасының орынбасары, Қытай Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Бірыңғай майдан бөлімінің меңгерушісі Ши Тайфэнмен және қытайлық дін көшбасшыларымен кездесті. Сондай-ақ Чжэцзян провинциясының губернаторы, Партия комитетінің хатшысы Ван Хаомен және сарапшылар қауымдастығының өкілдерімен жүздесті. Сұхбат кезінде рухани дипломатияны дамыту мәселелері мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі аясында дінаралық және конфессияаралық диалогты нығайту барысы талқыланды.



Қытайдың дін лидерлерімен кездесуде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі көптеген мәселелер бойынша Қазақстан мен Қытайдың ұстанымдары сөйкес екеніне назар аударды. Екі ел де әлемнің үйлесімді дамуын және тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән береді. Сондықтан Қазақстан Қытайдың әділетті және көпжылғы әлем қалыптастыруға арналған жаһандық бастамаларын қолдайды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығын» құру туралы идеясының маңызды екенін бірнеше рет атап өтті. Қазіргі халықаралық жағдайда бұл бастаманың өзектілігі одан әрі артып отыр. Сондай-ақ Қазақстан да бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағытталған бірқатар халықаралық бастамалар көтерді. Олардың бірі де бірегейі — Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу. Осы уақыттың ішінде съездің дінаралық диалогты дәріптеу және әлемдегі өзекті проблемаларды шешу үшін рухани көшбасшылардың күш-жігерін жұмылдыруға арналған беделді әрі іргелі алаңға айналды. Осы ретте біз Қытайдың бұл бағытта көрсетіп келе жатқан қолдауын және сіздердің өкілдеріңіздің тұрақты қатысуын жоғары бағалаймыз», — деп, Мәулен Әшімбаев съезді дамытудың 2033 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру аясындағы бірлескен жұмыстың негізгі міндеттеріне тоқталды.

Сонымен қатар ол қазіргі сын-қатерлер мен геосаяси шиеленістер жағдайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі рухани дипломатия арқылы адамзатты алаңдатқан әлемдік, экологиялық және рухани мәселелерді шешуге ықпал етуге тиіс екенін тілге тиек етті. Осы ретте съездің Ізгі ниет елшілері және Жас дін лидерлерінің форумы сияқты бастамалар маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Әртүрлі конфессиялардың, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, болашағынан зор үміт күттіретін жас ғалымдар мен саясаткерлерді біріктіретін бұл Форум алғаш рет былтыр қазан айында ұйымдастырылды. Мәулен Әшімбаев жас көшбасшыларды съезге жұмылдыру өркениетаралық және конфессияаралық диалогтың қалыптасқан дәстүрі мен сабақтастығын сақтауға оң әсерін тигізетінін айтты.

Сенат Спикері өз сөзінде Қытай даосистер қауымдастығы мен Қытай буддистер қауымдастығының төрағаларына съезге белсенді қатысып, бейбітшілікті сақтауға және конфессияаралық диалогты дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін алғыс білдірді.

«Қазіргі таңда әлемде күрделі геосаяси ахуал қалыптасқаны белгілі. Жаңа сын-қатерлер пайда болуда. Осыған байланысты бейбітшілік пен мәдениетке табан тіреген диалог арқылы діни, саяси және қоғамдық көшбасшылардың күш-жігерін біріктірудің маңызы артып отыр. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі дәл осы мақсатты көздейді. Сондықтан сіздерді VIII съезге шақырамын. Қытай дін көшбасшыларының қатысуы Форумның сәтті өтуіне оң ықпалын тигізеді деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Ал Ши Тайфэн Қазақстанның түрлі діндер өкілдері арасында диалог орнату және толеранттылық пен бейбіт қатар өмір сүру мәдениетін ілгерілету бағытында жүргізіп келе жатқан саясатын жоғары бағалады. Сондай-ақ ол съезд жұмысы аясында Қазақстанмен ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі және Қытай дін көшбасшылары жана бірлескен жобалар үшін ашық екенін атап өтті.

Сенаторлардың Қытай сарапшылар қауымдастығының өкілдерімен және осы елде оқитын қазақстандық студенттермен кездесуінде де ынтымақтастықтың жана форматтары мен тетіктері, қатығыстардың алдын алу, оларды шешу мәселелері сөз болды. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, жасампаз ынтымақтастық және екі елдің мүдделерін өзара құрметтеу бірлескен жобалар үшін жана мүмкіндіктерге жол ашып, маңызды мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді.

Қытайға сапары кезінде Мәулен Әшімбаев Чжэцзян провинциясының губернаторы Ван Хаомен кездесті. Онда тараптар екі елдің сауда-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану, мәдени-гуманитарлық байланыстарды арттыру және өңіраралық кооперация мәселелерін талқылады.

Провинция губернаторы Қазақстан Президентінің «Әділетті Қазақстан» қалыптастыруға арналған бастамаларын тиімді іске асыру нәтижесінде қол жеткізілген ілгерілеуді жоғары бағалады. Өз сөзінде Ван Хао өңірлік серіктестікті кеңейтудің және Қытай провинциялары мен Қазақстан облыстары арасында тәжірибе алмасудың маңызына, сондай-ақ тиімділігіне тоқталып өтті.

Бұдан басқа, Парламент депутаттары Ханчжоу қаласында бірқатар инновациялық IT-компаниялардың, оның ішінде әлемдік деңгейде «бұлтты» есептеулерге және жасанды интеллектті дамытуға қажетті ресурстар шығаратын Alibaba Cloud Intelligence Group Co. Ltd.-ның қызметімен танысты.

Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасы мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖҮГЕНДЕУДІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫ

Заң жобалары жөнінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов баяндады. Ол түзетулердің басым бөлігі 2022 жылы Президент Жарлығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыруға бағытталғанын атап өтті.

Заң жобасының негізгі бастамаларының бірі — пара беруді талап еткені, уәде бергені немесе ұсынғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу. Бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғанына 15 жылдан асты. Тиісті заңнамалық шараларды қабылдау қажеттігі 2008 жылдың мамырында Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында көрсетілген.

— Сыбайлас жемқорлардың жария тізілімі жасалды. Бұл — профилактикалық құрал. Мақсаты — қоғам арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру. Тізілімге ауыр немесе аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін сотталғандар енгізіледі. Мәліметтер тек заңды күшіне енген айыпту үкімінің негізінде қосылады. Ал акту үкімі заңды күшіне енген соң және соттылық өтелген соң тізілімінен шығарылады. Тізілім Агенттіктің сайты-

және беру фактілері бойынша Ішкі істер министрлігіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен тең дәрежеде тергеу жүргізу құқығы беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 678-бабы бойынша заңды тұлғалардың шеуніктерге сыйақы бергені үшін 750 айлық есептік көрсеткіш айыппұл қарастырылған. Бұл баптың жана редакциясында Қылмыстық кодекстің 367-бабына (Пара беру) ұқсас көп мөлшердегі айыппұл түріндегі позиция мен санкциялар қарастырылған. Айыппұл сыйақының мөлшеріне қарай заңды тұлға атынан немесе оның мүддесі үшін берілген материалдық сыйақы мөлшерінің 30-дан 60 еселенген мөлшерінде болады. Заң жобаларында осы және өзге де түзетулер бар.

Мәжіліс депутаты Айдоос Сарым қосымша бағдарламасында жұмыс тобы параны талап етуді, уәде етуді және ұсынды және қылмысқа жатқызу қажет деген қорытындыға келісін айтты.

— Оларды тиісінше Қылмыстық кодекстің 366-бабында (пара беру) және 367-бабында (пара алу) көзделген қылмыстар құрамында қарастыру керек деп ұйғарды. Бұдан бөлек мүдделер қатығысын анықтау мен реттеуді регламенттеуге, жеке мүдделерін декларациялауға, сондай-ақ сыбайлас



да орналастырылады және оны жүргізу Агенттікке бекітіледі, — деді Ұ.Сарқұлов.

Сондай-ақ ол «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң «Мүдделер қатығысы» атты жана тараумен толықтырылатынын айтты. Мүдделер қатығысы болған кезде басшы тиісті ұсынымдар көрсетілген қорытындыны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде мүдделер қатығысын болғызбау және реттеу бойынша шаралар қабылдауға міндетті. Мүдделер қатығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін, сондай-ақ мүдделер қатығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асырғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

Бұдан бөлек, мемлекеттік лауазымға немесе оған теңестірілген лауазымға орналасатын адамдардың жұмыс орны бойынша кадр қызметіне жеке мүдделері туралы декларация тапсыруы туралы норма енгізіледі.

Сонымен қатар Қылмыстық кодекске жана 247-1-баппен толықтырылып, зансыз сыйақы бергені үшін жауапкершілік қарастырылады. Бұл тек алғандарды ғана емес, зансыз сыйақы бергендерді де жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Зансыз сыйақы алу

жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді регламенттеуге байланысты нормалар пысықталуда, — деді А.Сарым.

Талқылау нәтижесінде депутаттар заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады.

Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері жана заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: бағбандық шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік қолдау мәселелері туралы; Қазақстан мен Армения үкіметтері арасындағы азаматтардың сапарлары мен болу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы; Қазақстан мен Армения үкіметтері арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары.

Асылбек Нұралын Мәжілістің жана депутаты атанды. Ол Қазақстан Халық партиясы фракциясы атынан өкілеттілігін тоқтатқан Гауһар Танашеваның орнына келді. Асылбек Нұралын Мәжіліс депутаты ретінде ант беріп, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің құрамына сайланды.

Мейір ЖАСЫН



Заманның, уақыттың бедерін бағамдау оңай соқпасы белгілі. Осыдан болар, өз сұхбатында Президент тереңнен сөз қозғайды, тарихты саралайды. Бұл – Қазақстан халқына, қоғамға, жастарға, мемлекеттік құрылыстың әр деңгейінде жүрген, сондай-ақ әлеуметтік желіге арналған сөз.

Көптен бері саяси қызметтен алшақтап, зейнеткерліктің өзіне тән сәттерін бастан кешіріп жүрген адам ретінде, әлеуметтік желіге көп қосыла бермейтін едім. Бірақ зер салып, оқып, қарап отыратын шақтамыз ғой. Желіден түспейтін көптеген автор мемлекеттік саясатымызға дүрліге қарап, өмірді қарашымдылық сыртынан көруге тырысатындарын да байқаймын.

Сондықтан да Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың «Ана тіліндегі» сұхбатын оқыған соң, әлеумет қалай қабылдап екен деп ойланғым рас. Бір адам ілешала қолдау білдіріп, пікір жазып жатса, енді бірі Тоқаев сұхбатынан Ресей саясатының көлеңкесін көреді. Ал үшіншісі Қ.Тоқаев Ата Занды өзгертіп, өзі тағы да бір рет сайлауға түсуді көздейді деп те жазып жатады. Бұл да әлеуметтік желінің ерекшелігі.

Үлкен журналистикада көп жыл қызмет істеген және «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» сынды ұлт басылымдарының бас редакторы болып, мол тәжірибе жинағаным бар. Сондай-ақ Н.Назарбаев, Б.Ельцин, Л.Кучма, Г.Әлиев, В.Квашневский секілді елбасшыларынан сұхбат алған журналист ретінде, заман лебін және бүгінгі технологиялық биікке көтерілген журналистиканың сан-қырлы тәсілдерімен таныспын әрі қыр-сырын бір адамдай білемін ғой деп ойлаймын.

Қ.Тоқаев болмысында дабыра-шоудың адамы емес. Ол Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ресми сапарлары кезінде Президент бортындағы көл-көсір дастарқаннан әкімдер, министрлер, көсіпкерлер, журналистер дәм татып, қымбат сараптардан едәуір ауыз тиетін сәтте, ол дәм татып та алмайтын. Бірінші қатарда отырып, тіп-тік қалпында дербес жұмыс істейтін, өз ойын қағазға түртіп, әр ісіне ыждаһаттылықпен қарайтын.

Айта кету керек, Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сұхбатын камералық түрде, жеке газет журналисіне берді. Электронды ақпарат құралдары қатыстырылған жоқ. Көп камера тұрған жерде ол сұхбат емес, шоуға айналып кететіні белгілі ғой.

Сұхбат желі беттерімен бірге, Қазақстанның түкпір-түкпірінде, ұжымдарда, ғылыми орталарда, зиялы қауым арасында талқыланып жатқанын байқап, оқып жатырмыз. Тіпті, шетелдік басылымдардың да қызығушылығы айқын көрініп тұр.

Сол сияқты Президенттің сұхбатының терең де, салмақты ой толғамдары туралы Парламент Сенатының Төрағасы, ірі политолог М.Әшімбаев «сұхбатта егемендігімізді нығайтуды және елімізді өркендетуді көздейтін басым-бағыттар нақты белгіленді» деп жазыпты.

Шынында да, сұхбаттың он бойында Қазақстанның әлемдік аренадағы орны, ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыру, экономикалық, саяси-мәдени тұрғыдағы даму принциптеріміз көрсетілген.

Сұхбатта қоғам дамуының өскелең даму жолдары туралы берік байлам бар. Жер де, ел де – қазақтыкі. Қазақстан халқының ортақ мүдделерін қорғайтын заң мен тәртіп үстемдігі туралы ерекше тұжырымдалады.

Сұхбаттың аясы өте терең. Одан кез келген адам, қоғамды мазалап жүрген мәселелер туралы жан-жақты мағлұматтар алады.

Қазақстан үшін, ұлтымыз үшін ең өзекті мәселе – тіл. Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз. Мемлекеттік тіліміздің «мүшкіл халі» туралы аз жазылып та, аз айтылып та жүрген жоқ. Сырт көзге қарағанда, солай көрінетіні де рас. Бірақ үрейлі сөзден, шырайлы сөз жаксы.

Президент айтқан деректерге назар аударалық. «Қазақ тілінің бәсекеге қабілетті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келеді.

# ЖҰРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТЕР СӨЗ

Тілі жақын елдің – рухы жақын. Бұл – ақиқат. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын ұлтқа арналған жүрек сөзі ретінде қабылдадым. Өйткені ол халқына бүкпесіз, сыр-сұхбат жасай отырып, ұлт алдындағы парыз бен қарыз туралы толғанады. Әрине, қазіргі тұрақсыз әлемнің дүрбелең кезеңінде адамзаттың алдында небір қауіп-қатерлер тұр. Сондай күрмеуі қиын уақытта айтылған түйінді сөз қандай? Мемлекет басшысы өз сұхбатында осы мәселелер туралы ойлы да жанды сөз айтқан.

Мемлекеттік тіл азаматтардың қызмет бабында өсуіне және табысқа жетуіне жол ашатын фактор саналады.

Міне, осы тұжырымдамаға үлкен саяси мән беру керек. Қазір де, қазақ тілінің қажеттілігі туындап тұр. Мемлекеттік қызметке тұрған кезде қазақ тілін меңгерген адамдарға кен жол ашылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл сында ұлттың кім екендігі есепке алынбайды.

Жоғарғы оқу орындарындағы факультеттердің 65 пайызы қазақ тілінде өтеді. Сондай-ақ оқушылардың 70 пайызы қазақ тілді мектептерінде оқиды. Демек, алдағы 10-15 жылда мемлекеттік тіліміздің мәртебесі бұдан да биік болмақ.

Президент атап өткендей, әлемде 7 мың тірі тіл бар екен. Олардың 3 мыңы жойылу қаупі үстінде тұр. Ал қазақ тілі – ана тіліміз 2024 жылы ең көп таралған 79 тілдің санатына енген.



**Оның үстіне, Президенттің әрбір сапары Қазақстанға инвестициялардың көптеп келуіне жол ашады. Айталық, 2024 жылы жаңа жобалар арқылы Қазақстанға 15,7 млрд доллар көлемінде тікелей инвестиция келіпті, ол 2023 жылмен салыстырғанда 88 пайызға артқан.**

Тіл мәселесінде байыпты талдау, орамды ой керек. Мемлекеттік тіл – халықты үйлестіру тілі ретінде одан әрі дами берді. Қуанайық.

Еститін құлаққа, көретін көзге, ұлтжанды әр азаматқа айтылар сөз айтылды. Мензеп айтқан сөздің ар жағында ұлт болашағымен бірге, ұлттық тіліміздің де болашағы тұр.

Дәстүр, унификация, реформалар, білім, сенім, инвестиция, медиация, энергия ұғымдарын ұстана отырып, Қазақстан орта державалар санатындағы ел ретінде, мемлекетіміздің «тұрақты әлеуметтік, экономикалық дамуына жол ашады».

Ал орта державалар деген терминді қалай түсінуіміз және қабылдауымыз керек? Осы мәселеге тоқталып өткен жөн болар. Өйткені мұндай термин бүгінгі күнге дейін біздің саяси айналымда болған емес.

Қазақстанды шетелдің сарапшылары мен дипломаттары орта держава деп атауы, әрине бүгінгі Қазақстанның геосаяси жағдайына байланысты туындап отыр. Біздің екі қанатымызда ядролық қарулы екі ірі держава отыр. Олар – Ресей мен Қытай. Мұхиттың ар жағындағы

АҚШ пен де стратегиялық әріптестік туралы шартымыз бар. Олар осы мемлекеттердің парламенттеріне ратификациядан өткен. Оның үстіне, өмір көрсетіп отырғандай, БҰҰ ұйымы өзінің берік ұстанымын жоғары деңгейде атқара алмай отыр. Бұл жөнінде Президент Қ.Тоқаев іргелі саяси форумдардың мінберінен ашық айтып жүр. Сондықтан да Орталық Азия ішінде Қазақстанның алатын орны да, саяси салмағы да жоғары.

«Қазір халықаралық қатынастар жүйесі кері кетіп барады, тіпті құлдырай түсті деуге болады. Тұрақсыздық күшейіп, ірі державалардың бірін-бірі айыптауы белең алды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қауқарсыз болып қалды.



Естуші және әділ мемлекет құруға бағытталған Қ.Тоқаевтың реформалар үдерісін түсіну үшін, әлбетте аталмыш сұхбатқа назар аудару керек. Сонда ғана біз мемлекеттің бірінші адамының аузынан шыққан сөздерінің құнын да, парқын да пайымдай аламыз.

Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар әртүрлі саяси дүрлараздыққа қарамастан, орнықты дамып келеді. Ресей Думасының бірнеше депутаты, қоғам қайраткерлері Қазақстанда орыс тіліне қысым жасалып жатыр, Қазақстанның солтүстік өңірлері Ресей құрамында болуға тиісті деген арандатушылық, қокан-лоққыға толы ақпараттар жариялағаны есте шығар.

Мысалы, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанға 9,8 млрд доллар тікелей инвестициялар түскен. Ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша, 23,6 млрд доллар инвестиция келген.

Қазақстан экономикасына жылма жыл ең үлкен инвесторлар Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Ресей мен Қытай мемлекеттерін түсіп отыр. Бұл мемлекеттердің инвестициялары 25 пайыздан 92 пайызға жеткен.

Оның үстіне, соңғы 10 жылда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің арасындағы алыс-беріс үдемелі түрде өсіп келеді. Президент айтқандай, аталған елдерде, яғни «2024 жылы өзара саудасаттық көлемі 45 млрд доллардан асты».

Шекаралас мемлекеттер туралы әңгіме болғандықтан, Президент сұхбатындағы Ресей және Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік қарым-қатынастарға тоқталмай өте алмаймыз. Мұның өзіндік себебі де бар. Әлеуметтік желілерде, Instagram-да, Tik Tok-да Қазақстанның Ресей мен Қытайға тәуелділігі туралы сан алуан дәйексіз келтірілетін жалған, негізсіз ақпараттар жеткілікті.

жатыр. Басқаша болуы да мүмкін емес» деп мәлімдеді.

Иә, Мемлекет басшысы айтқандай, бұл қарым-қатынастар екі жаққа да тиімді, әрі «Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету керек». Бұл астарлы сөздің мән-мазмұнын айқындайды. Ашығын айтсақ, Ресей тарапынан Қазақстан егемендігіне қол сұғылмайды деген сөз.

Әлеуметтік желілердегі біраз пікірлер Қазақстандағы Атом стансасын салу тақырыбын қозғайды. Олар станса Ресей құзыретіне берілуі мүмкін деп топшылайды. Мұның шындыққа қаншалықты сәйкес келуі мүмкін?

Ресей Президенті В.Путиннің ресми сапары кезінде Атом стансасын салуға Ресей қалай қатысады деген әңгіме де болғаны шындық.

Қазақстан аталмыш жобаны жүзеге асыру үшін Халықаралық консорциум құру туралы ынтылық танытты. Аталмыш жобаның бас операторы да осы Консорциум болмақ. «Росатом» компаниясының жобаға қатысуы мүмкін екені туралы Қ.Тоқаев өз сұхбатында айтты.

Расында, қазір Қазақстанда жерасты байлықтары азайып, бірте-бірте ол экономиканың басты қозғаушы күші болмайтыны туралы ғалымдардың, экономистердің сараптамалары бар. Сондықтан болашақ – ядролық энергетикада.

Қ.Тоқаев пікіріне сүйенейік: «Қазақстанға қуатты атом стансасы қажет екені анық. Мен бұған сенімдімін. Нағыз қоса, таяу арада екінші, тіпті үшінші атом электр стансасын салу мүмкін екенін жасырмаймын».

Ойды ой қуалайды. Президенттің бұл сөздерінен, Қазақстанның көпқырлы саясатының ізін көргендей боламыз. Демек, ядролық атом стансаларын салуға ҚХР, Франция, Оңтүстік Корея, тіпті АҚШ-тың да қатысуы мүмкін. Бұл жобалар Қазақстанның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне кепіл болады деген ойға жетелейді.

Сұхбатта Қ.Тоқаев Қытай Халық Республикасымен байланыстар жөнінде ерекше тоқталды және ол Қытай республикасының төрағасы Си Цзин Пиннің «біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барынша қолдайтынын» атап өтті. Бұл – өте маңызды мәлімдеме.

Токсан ауыз сөздің түйінін Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сұхбатында ашып айтты. Халық көп сауалға нақты жауап алды деп ойлаймын:

Санкт-Петербургте өткен саммиттегі Қазақстан Президентінің байсалды да байламы тұжырымы жұрттың есінде болар. Тоқаев осы арқылы әлемге өзінің биік, дербес саяси тұлға екенін көрсетті.

Қазақстан мен Ресейдің үлкен саясаттағы қарым-қатынасы екі жаққа да тиімді әрі өте қажет. АҚШ жариялаған санкцияларды ескере отырып, Қазақстан мен Ресей арасында екіжақты қарым-қатынастар орнықты дамып келеді.

Ресей Президенті В.Путин Қазақстанға 33 рет келіпті. Әрине, қыдырып келмесі анық. Күрмеуі қиын кезеңде Ресей Қазақстанмен экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарды нығайтуға мүдделік танытуда. Бұл күнде Қазақстанның 60 мың ұл-қызы Ресейде білім алып жатыр.

Бытыр қараша айында В.Путин Қазақстанға ресми сапармен келді. Тиісті протоколдық құрмет көрсетілді. Бұл өркеніет елдерге тән қалыптасқан дәстүр. Осыдан Қазақстанның Ресей үшін үлкен стратегиялық әріптес екенін білеміз.

Мемлекеттік саясаттың астарлы тұстары аз емес. Ашық ақпарат алудың жолы көп. Ал жабық ақпарат ше?

Өз сұхбатында Қ.Тоқаев төмендегіні мәлімдеді. «Владимир Путинмен бейресми жағдайда төрт сағат әңгімелестік. Мен Қазақстанның көпжақты саясатының мәнін ашық айтып, Ресеймен стратегиялық саясатымызды және одақтасуық қарым-қатынасты дамыту туралы ұстанымға берік екенімізді жеткіздім».

Нәтижесінде, Ресей Президенті Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы ірі экономикасы, өнеркәсібі, ғылымы мен білімі қалыптасқан мемлекет ретінде «...біздің елмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп

«Үкімет – ауыс-түйіске бейім құрылым.

Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге әзірше еш негіз жоқ. Менің «Құшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдама Қазақстанның саяси жүйесіне ең қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін.

Ашлығын айтсам, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын.

Қаңтар оқиғасынан кейін үш жыл өткенде азаматтарымыздың көпшілігі елімізде бұрын-соңды болмаған осы дүрбелең көпе-көрнеу әлеуметтік әділетсіздіктің, саяси тоқыраудың, сондай-ақ қаскөйлердің шектес тыс және олардың халық пен мемлекет тағдырына немқұрайды қарауының кесірінен болғанына өбден көз жеткізді.

Біз әділетті мемлекет құрамыз десек тарихқа да, оны жасауға атсалысқан азаматтарға да әділ қарауымыз керек.

Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін бар жауапкершілікті өз мойныма аламын».

Мен білетін Қасым-Жомарт Тоқаев – сөзіне берік, ісіне мығым, айтқан сөзінен таймайтын, халықаралық деңгейдегі ірі саяси тұлға.

Бұл кісілік пен кішілікке, парасаттылыққа, терең саяси сараптамаға толы сұхбат болды. Жаңа Қазақстанның жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Президент Қ.Тоқаевтың жүрек сырына толы әңгімесі жұрт жүрегіне жетсе екен дейміз.

**Уәлихан ҚАЛИЖАН,**  
ҰҒА академигі,  
Қазақстанның Еңбек сіңірген  
қайраткері



## НАРЫҚ

16 ҚАҒТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

2022 жылдан бері шетелдік интернет-компаниялар Қазақстанның бюджетіне жалпы көлемі 69,1 млрд теңге мөлшерінде «цифрлық салық» аударған. Бұл қаражат цифрлық экономиканың дамуы мен онлайн-коммерцияның ел бюджетіне оң ықпал еткенін көрсетеді. Естеріңізге сала кетсек, сол жылдан бастап шетелдік интернет-компаниялардың ел аумағында жеке тұлғаларға электрондық түрде тауарлар сатып, қызмет көрсеткені үшін қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеу міндеттелген болатын. Қазақстанның Салық кодексіне сәйкес, салық мөлшері 12% деп белгіленген еді.

### А Кәмила ДҮЙСЕН


Үш жыл ішінде Қазақстан бюджетіне ең ірі салық төлеушілер қатарында iHerb (12,8 млрд теңге), Apple (11,4 млрд теңге), Google (10,8 млрд теңге) компаниялары бар. Бұл компаниялар Қазақстан аумағында онлайн-қызметтер мен тауарлар сату бойынша көш бастап,

елдің цифрлық экономикасын дамытуға айтарлықтай үлес қосқанын көрсетеді. Ал ең аз салық төлегендер қатарында: 2024 жылдың ақпанында тіркелген Dare Sunny Ltd, 2022 жылдың наурызында тіркелген Google Voice Inc, 2024 жылдың шілдесінде тіркелген «ТриИнком» компаниялары. Олардың бюджетке қосқан үлесі салыстырмалы түрде төмен болғанымен, елімізде тіркелу арқылы

## ИНТЕРНЕТ НАРЫҒЫ, ҚАНША ЕКЕН САЛЫҒЫ?



### Соңғы үш жылда ТОП-10 интернет-компания төлеген салық мөлшері (млрд теңге)



бұл мекемелер салықтық базаның кеңеюіне әсер етті.

Мемлекеттік кірістер комитетінің (МКК) мәліметінше, «цифрлық салық» нәтижесінде 2024 жылдың алғашқы үш тоқсанында бюджетке 26,4 млрд теңге түскен. Атап айтқанда: бірінші тоқсан – 8,1 млрд теңге, екінші тоқсан – 8,4 млрд теңге, үшінші тоқсан – 9,9 млрд теңге. Салыстырар болсақ, түсім көлемі 2023 жылғы жалпы сомамен шамалас. Мысалы, сол жылы бұл көрсеткіш 26,3 млрд теңгені құрады. Ал 2022 жылы оның көлемі соңғы екі жылға қарағанда айтарлықтай төмен, яғни 16,4 млрд теңге болған.

Үш жылдың деректерін салыстырғанда, «цифрлық салықтың» жыл сайын тұрақты өсім көрсетіп келе жатқаны байқалады. Бұл шетелдік интернет-компаниялардың Қазақстан аумағындағы экономикалық қызметінің кеңеюі мен салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру нәтижесі деп білеміз. Аталған салық түрінен түскен қаражат мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға және әлеуметтік саланы қолдауға айтарлықтай үлес қосуда.

Сонымен қатар «цифрлық салық» әлемдік деңгейде экономикалық әділеттілікті қамтамасыз ету үшін енгізілген жаңа тетіктердің бірі. Соның арқасында

трансұлттық компаниялардың кірісіне байланысты әр мемлекетте тиісті үлесін төлеп, жергілікті экономиканың дамуына ықпал етуде.

Сондай-ақ отандық нарықта қызмет көрсететін шетелдік интернет-компаниялардың саны да жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2022 жылдың соңында Қазақстанда 44 компания тіркелген болса, 2023 жылы тағы 19 компания тіркеуден өткен. Ал бұлттыр 19 желтоқсандағы жағдай бойынша, тіркелген компаниялар саны тағы 31-ге артты. 2024 жылдың 30 желтоқсанына қарай Мемлекеттік кірістер комитетінің тізімінде барлығы 98 компания тіркелгені белгілі болып отыр.

Ведомство ұсынған деректерге сүйенсек, қазір шетелдік компаниялардың ҚҚС төлеуші ретінде шартты тіркелу талаптары өзгеріссіз әрі Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 778-бабымен реттеледі. Шетелдік интернет-компанияларға ҚҚС енгізу Қазақстанның цифрлық экономикасы үшін маңызды қадам. Өйткені бұл бюджетке тұрақты кіріс әкеліп қана қоймай, халықаралық деңгейдегі әділ салық салу принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Еске салсақ, шетелдік интернет-компаниялар Қазақстан аумағында

қызмет көрсету үшін арнайы Merchant ID (MID) кодтары арқылы төлем алушы ретінде сәйкестендіріледі. Бұл кодтар компанияның онлайн төлемдерді қабылдау жүйесінде тіркелгенін және салық төлеу міндеттемелерін орындау үшін қажетті идентификация екенін білдіреді.

Бүгінде шетелдік компанияларға арналған «Цифрлық салықты» төлеуші ретінде тіркелу тәртібі барынша жеңілдетілген. Компания Мемлекеттік кірістер комитетіне тек өтініш-хат жолдайды. Тіркеу шартты негізде жүзеге асырылғандықтан, компаниялардың Қазақстан аумағында нақты заңды мекенжайы болу міндетті емес. Салық төлеушілерден салық декларациясын тапсыру талап етілмейді, бұл олардың әкімшілік жүктемесін айтарлықтай жеңілдетеді.

Сонымен қатар бұл рәсімнің артықшылықтарының бірі — шетелдік компанияларға айыппұл салу немесе күрделі салықтық әкімшілендіру механизмдері қолданылмайды. Мұндай ікемді тәсіл шетелдік бизнес үшін Қазақстан нарығына кіруді жеңілдетіп қана қоймай, елдің салықтық жүйесіне деген сенімнің артуына әсер етеді. Сондай-ақ бұл жүйе шетелдік компаниялар мен қазақстандық пайдаланушылар арасындағы қарым-қатынасты барынша реттейді.

Кейбір шетелдік компаниялар белгілі бір жағдайларда мұндай салықты төлеуден босатылады. Мысалы, егер Қазақстанға тауарды әкелу кезінде кедендік төлем

ретінде баждар мен салықтар төленген болса мекеме осы жеңілдікті пайдалана алады. Бірақ баждар мен салықтардың құны немесе салмағы нормадан асып кеткен тауарларға қатысты төлемдер қайтарылмайды. Одан бөлек, тауар мен қызмет құны импорттың салық салынатын көлеміне енгізілсе және тауарды немесе интернет-қызметті сатып алушы заңды тұлға болса да шетелдік кәсіпорындар салықтан босатылмай.

Бұл ерекшеліктер шетелдік компаниялардың қызметіне Қазақстанның салықтық талаптарын бейімдеу мақсатында енгізіліп, әділ және тиімді салық салу механизмін қалыптастыруға ықпал етуде. Соның арқасында 2024 жылдың алғашқы жартысында Қазақстандағы бөлшек электрондық коммерция нарығы айтарлықтай өсім көрсетті. Оның көлемі 1,45 трлн теңгеге жетіп, 2023 жылдың сәуірінен бері салыстырғанда 61%-ға артады. Бұл өсім цифрлық сауданың даму қарқынын көрсетеді, сондай-ақ шетелдік және отандық интернет-компаниялардың белсенділігін көрсетеді.

Қазақстанның электрондық сауда нарығындағы мұндай динамика цифрлық салық жүйесінің енгізілуімен тығыз байланысты. Цифрлық экономиканың өсуі, салық салудың тиімділігі және қолайлы бизнес-орта шетелдік компаниялардың Қазақстан нарығына қызығушылығын арттырып, бұл саланың әрі қарай дамуына ықпал етеді деген ойдамыз.

Интернет пайда бола бастағаннан бері әлемде интернет арқылы тонайтын алаяқтар жаппай көбейді. Тіпті, оған «қылмыс элитасы, кибер-гладдиаторлар, фишерлер» деп те түрлі атау берген. Екіншісі бірі смартфон пайдаланатын бүгінгі шақта олардың құрығы кеңейді.

Болауан жаһандану дәуірінде интернет біздің өмірімізге өбден сіңісіп кеткенін тілге тиек етті. Оның сөзінше, қазір бәріміз ақпарат іздеу, сөйлесу, сауда жасау, тіпті күнделікті қажеттіліктерімізді де интернет арқылы шешеміз. Бірақ сол

бағам көрсетеді және алдын ала төлемді немесе толық төлемді сұрайды. Биыл 1 мыңнан астам осындай қылмыс тіркелді, — деді киберқылмысқа қарсы күрес орталығының басшысы Жандос Сүйінбай.

Сондай-ақ ол осы секілді алаяқтардың құрбаны болмас үшін не істеу керектігіне тоқталды.

«Біріншіден, тексерілген жарнама сайттарын пайдаланыңыз. Екіншіден, тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісіңіз. Үшіншіден, тауардың бар екеніне көз тексеріңіз, оның ішінде бейнеқорғау арқылы. Егер сатушы басқа қалада болса, өзіндік таныстар немесе туыстарыңыздан тауарды алуды және жіберуді сұраныңыз», — деп кеңес береді Жандос Сүйінбай.

Интернет алаяқтар алдау тәсілдерін күн сайын жетілдіріп, енді жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін пайдалануға

сайтын болған. Мысалы, телефон арқылы сізге туысыңыздың дауысымен қоңырау шалып, қиын жағдайға тап болғанын айтып, ақша сұрауы мүмкін. Бір қарағанда, бұл өтірік деп ойламайсыз, өйткені дауыс танысыңыздыңкіндей шығалы. Мұндай жағдайлар шын мәнінде жиі кездесіп жатыр. Кейбіреулер тіпті банк қызметкерінің дауысын жасап, сіздің шотыңыз туралы ақпаратты сұрап алуы мүмкін. Олар арнайы бағдарламалар арқылы сіздің әлеуметтік желідегі видеоларыңыздан немесе телефонмен сөйлескендегі жазбалардан дауыс үлгілерін алады да, оны қолдан жасайды. Қазақстандық блогер Нейрогера дипфейктің көмегімен әжесінің дауысын салып, алаяқтың хабарласқанын айтты.

«Жақын арада ағам әжем жылап хабарласып, қиын жағдайға тап болғанын және тез арада 50 мың теңге аударуды сұрады. Ағам абырпақ, ақша іздеп, не болды екен деп уайымдап қалды. Ол әжемнің басқа немірден хабарласқанына, дауысында өзгешеліктің барына назар аудармады. Өйткені қорқыныш адамның санасын ұлап тастайды», — деді блогер.

Human constanta құқық қорғау ұйымының дерегіне, 2024 жылы жаһандық дипфейк нарығының құны 79,1 миллион долларға жетеді, бұл жылдық өсу қарқыны 37,6% құрайды. Ол дегеніміз — алты ай сайын дипфейктің саны еселеніп артып жатыр дегенмен тең. Дерексөздің мәліметінше, дипфейктің басым бөлігі порнографиялық контентпен (94%) байланысты. Құрбан болғандардың көбі әйелдер қауымы екен. Ең қызығы, мұндай дипфейктер үшін 25 минут уақыт жеткілікті. Былайша айтқанда, суретіңіз анық болса олардың жұмысы жеңілдейді.

Digital Bridge форумының қатысушысы, IT-маманы Ерлан Сарин жасанды интеллект адамдардың биометриялық деректері арқылы виртуалды нұсқасын, яғни көшірмесін жасап шығаруға қабілетті екенін айтты. Айтуынша, соны пайдаланып, алаяқтар адамның мобильді банк қосымшасына немесе биометрия арқылы кіретін басқа қосымшаларына кіріп кетуі мүмкін.

«Жасанды интеллекттің бір қауіпті түсі — олар бара-бара биометриялық дерек, саусақ іздерін клондап, көшірмесін жасай алады. Мысалы, саусақ іздері немесе биометриялық деректің көмегімен сіздің жеке деректеріңізге қол сұғуы да мүмкін. Егер несие алу тәртібі қатаңдалатын болса, түріңізді ЖИ арқылы растап, атыңыздан несие ала алады», — деді ол.

## ОНЛАЙНДАҒЫ САУАТ ОПЫҚ ЖЕУДЕН САҚТАЙДЫ

### А Әсет ҚАЛИ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылы 21 мың қазақстандық интернет-алаықтардың құрбаны болған. Көптеген отандасымыз онлайн түрде қаншама жинап-терген ақшасынан айырылып жатыр. 3 мыңнан аса алаяқтық фактілер банктердің, телекоммуналдық компаниялардың және де мемлекеттік Egov портал жүйелерінің жалған атынан қымқырған.

Қазір интернет алаяқтықтың ең кең таралған түрлерінің бірі — фишинг. Бұл топтағы алаяқтар жалған веб-сайттар немесе электрондық хаттар арқылы жеке мәліметтерді ақтарып алады. Мысалға, банкке ұқсас сайт жасап, пайдаланушылардың логиндері мен парольдерін иемденеді. Алаяқтардың

екіншісі бір тобы «вишинг» деп аталады. Олар — телефон арқылы жасалатын алаяқтық. Нақтылай түссек өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, «шотыңызға шабуыл жасалды» деп, мәліметтеріңізді немесе SMS арқылы келген растау кодын сұрайды. Әрі қарай не болатыны бәрімізге мәлім. Ал сарапшылардың ойынша, адамдарды ең тез алдау әдістерінің бірі — «смишинг» деп аталады. Себебі көпшіліктің телефонына «Сіздің шотыңыз уақытша бұғатталды. Қайта ашу үшін сілтемені басыңыз» деген хабарлама келсе, әрине сілтемені баспай қоймайсыз. Мұндай әдіс-тәсілдер адамдарға бір жағынан психологиялық қауіп төндіру және оны өзіне бағындыру арқылы іске асады.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры әрі қаржыгер Қайрат

интернетті алаяқтар да пайдаланып, өздерінің қулық-сұмдықтырын жүргізіп жатыр.

— Сонындай алаяқтардың неліктен көбейіп кеткенін айтсам. Ең алдымен мәселе — елімізде интернет жүйесі кең

**Алаяқтардың әрекетінен елімізде азаматтарға 4 млрд теңгеден астам шығын келтірілген. Оларды жасаудың ең көп тараған тәсілі — белгілі сауда алаңдарының сайттарында, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде хабарландырулар орналастыру арқылы жасалатын интернет-сауда.**

көлемде таралып жатқандығында. Қазір ауыл-ауылды интернет байлаған заман келді. Интернет пайдаланушылардың саны күн сайын артып келеді. Сөйкесінше алаяқтардың да «құрбандары» көбейіп жатыр. Екіншіден, халықтың техникалық сауаты жеткіліксіз. Көп адам интернеттегі қауіптерден бейхабар, ал алаяқтардың қулығын бірден түсіне бермейді. Сондықтан осындай жағдайларға жиі алданып қалады. Үшіншіден, әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың қаптап кетуі де үлкен мәселе. Көпшілік берілген ақпараттың рас-өтірігін тексеруге уақыт бөлмейді. Соның салдарынан алаяқтар фейк жаңалықтармен оңай алдап жүр, — дейді Қайрат Болауан.

Киберқылмыс кесірінен жұртшылыққа тиген залал да біршама.

— Алаяқтардың әрекетінен елімізде азаматтарға 4 млрд теңгеден астам шығын келтірілген. Оларды жасаудың ең көп тараған тәсілі — белгілі сауда алаңдарының сайттарында, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде хабарландырулар орналастыру арқылы жасалатын интернет-сауда. Әдетте, алаяқтар тауардың немесе қызметтің төмен



## БІЗДІҢ СҰХБАТ

16 ҚАҢТАР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Қорғаныс министрлігі жас ұрпақты елді-жерді сүйеге, Отанды қорғауға, патриотизмге және рухани-адамгершілік секілді адамзаттың асыл құндылықтарына тәрбиелеуде Оқу-ағарту министрлігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізіп келеді. Осы бағытта атқарылған жұмыстар туралы білмек болып, Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаевты әңгімеге тартқан едік.

— Генерал-майор мырза, әскер жасына дейінгі жастармен жүргізіліп жатқан әскери-патриоттық жұмыстарға көңіліңіз тола ма? Келешекте қандай өзгерістер болмақ?

— 2023 жылғы 5 мамырда өткен Бүкілармиялық кеңесте Мемлекет басшысы: «Әскерде жүрген жастарымыз нағыз сарбаз, нағыз маман болып шығуы — міндет. Олар өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс» деген болатын. Осыған

— Ойыңызды түсіндім. Иә, әскер қатарында өмірі жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық сардарлар мен сарбаздар аз емес. Олар барынша насихатталып та жатыр. Әрине, көбіне ақпарат көлемінде, әрі кетсе олар туралы газеттерде әссе немесе очерк жарық көреді.

Біздің көбіміз көркем әдебиеттегі қаһармандарға еліктеп, солардай болсақ деп өстік. Алдымызға арман қойдық.



**Шайх-Хасан ЖАЗЫҚБАЕВ,**  
генерал-майор:

## АРМИЯДА ЖАСТАРҒА ҮЛГІ БОЛАР АЗАМАТТАР КӨП

сәйкес, Қорғаныс министрлігі әскери қызметтің беделі мен жауынгер мәртебесін арттыруға ерекше назар аударуда.

Қорғаныс министрлігі негізгі күш-жігерін патриотизм негіздерін нығайтуға, әскери қызметтің беделін арттыруға және ынтылдандыруға, жеке құрамға Мемлекет басшысының негізгі бағдарламалық құжаттарын түсіндіруге бағыттап, әскери қызметшілерді идеологиялық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты үздіксіз ұйымдастырып келеді.

Әскери-патриоттық тәрбиені жетілдіру күн тәртібінен түскен емес. Бұл ретте еліміздегі «Жас сарбаз» әскери-патриоттық козғалысын сыныптары мен клубтары әскерге келетін бозбалаларға көп көмегін тигізуде. Соның арқасында жастар әскери өмірге психологиялық және физикалық тұрғыда дайын болып келеді. Сол себепті олар темірдей тәртіпке де тез бой үйретінін айта кету керек.

Баланың бойындағы елшіл сезім, отансүйгіштік қасиеттер мектеп қабыр-

Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдатындағы» Қайрош талай қазақ баласының намысын жанымады деп кім айта алады? Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдарындағы» Ербол бейнесі де талай баланы төсегінде дөңбекшіткен. Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндері» де осыдан 80 жыл бұрын аяқталған соғыстағы ерлік пен қажырды суреттейтін. Бауыржан Момышұлының еңбектері мен ол кісі жайлы жазылған шығармалар талай бозбаланың офицерлік жолды тандауына әскер еткенін білеміз. Бірақ олар аға буын пір тұтқан тұлғалар еді. Өз кезінде қуатты идеологиялық қызмет атқарды. Ал қазір біз ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіне қадам бастық. Демек, қазіргі заманның қаһармандары туралы да көркем шығармалар жазылуы керек. Әдебиет дегенде осы ойды айтқыңыз келді-ау деп топшылаймын.

Әскерде де әдеби шығармаға кейіпкер боларлық азаматтар аз емес. Оқиғалар да болды. Өткен ғасырдың токсаныншы

түрде бағынушылықты жете түсіну, ұғыну, қызмет бабы талап ететін әскери өмірге сөзсіз түрде толық мойын ұсынушылыққа қол жеткізу» дей келе, «Солдаттан қарапайым жан жоқ. Оған сергек те, ықыласты әрі әділ болған жөн» дейді. Барлық деңгейдегі командирлер бағыр атамның осы қағидасын күнделікті жұмыс стиліне айналдыру керек. Осындай тәрбие болған жерде, тәртіп те болады.

Қарулы Күштерде әскери тәртіпті нығайту бойынша профилактикалық және алдын алу шараларының барлық кешені 2025 жылға дейінгі «Өмірдің сакта» ведомстваралық бағдарламасына сәйкес жүзеге асты. Өзін білесіз, бұл кешенді жоспар психологиялық, идеологиялық және патриотизмге тәрбиелеу сияқты көптеген бағытты қамтыды.

Бөлімдердегі жеке құрамды бақылау «Серіктес», «Пирамида» және «Жауынгерлік дос» жүйелері арқылы жүзеге асырылды.

Профилактикалық онкүндіктер, акциялар, айлықтар, анонимді сауалнама жүргізу, психологиялық тренингтер өткізу тұрақты негізде жүргізіліп тұрды.

Әскерде болып, өмір мектебінен өткен кез келген адам алдымен тәртіп пен жауапкершілікке үйренеді. Сындалы сәтте өзіне сенімді болады. Қайталап айтмайын, әскер дегеніміз — бұл өмір мектебі. Ол мектеп жастарды отаншылдыққа тәрбиелеп, әскери саланың негізін үйрететін, ер жігітті есейтетін орта. Уақыттың басым бөлігі жауынгерлік дайындықтан тұратын әскери өмір бозбаланың ерік-жігерін жанып, намысын оятады.

Азаматтық өмірде жеңіл-желпі әрекеттерге үйренген кейбір жастар қиындық көрмей өседі. Сол себепті әскерден жалтарудың ретін іздейді. Біз ел қорғайтын азаматтарды тәрбиелейміз. Ал еліне қорған боламын деген ер жігіт әскер қатарындағы бір жылда көбіне жауынгерлік дайындықпен айналысады. Бұл дегеніміз — біріншіден елдің жұмылдыру ресурсын. Мұны дұрыс түсіне білетін жастар бізде аз емес деп білемін. Олай болса, Отан қорғау деген абыройлы міндетке адал болғанға не жетсін!

Сарбаздарды тереңдетіп зерделеу мақсатымен олардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылған. Әлеуметтік желілерге ұдайы мониторинг жүргізіліп келеді. Бұдан бөлек, ата-аналардың чаттары жұмыс істеп тұр.

Қорғаныс министрлігінің мобильді топтары алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатымен әскери бөлімдердің командирлеріне әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

Лудоманияға бейім және несиелері бар адамдардың есебі, қаржылық сауаттылық кейстері сараланып, олардың төлем қабілеттілігіне талдау жүргізіледі.

Үйшілік жанжалдардың алдын алу мақсатында отбасыларға бару, командирлердің әскери қызметшілердің жұбайларын

жеке қабылдау, сұрақ-жауап кештері, отбасылық чаттар арқылы мәселелерді зерделеу тәжірибе түрінде қолданылып келеді.

Әскерге шақыру учаскелерінде әскерге шақырылушыларды зерделеу кезінде «Ақ сүңкір» психодиагностикалық кешендері кешені қолданылады. Аталған шаралардан басқа, біз осы жылдың басынан бастап іске қосқан құқықбұзушылықтардың алдын алу әдістемесі шеңберінде әскери бөлімдер мен әскери полиция органдары командирлерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырдық.

Қазір негізгі күш-жігерді әскери қызметшілердің жеке жауапкершілігін, олардың құқықтық сана деңгейін, мәдениет мен мінез-құлық этикасын арттыруға шоғырландыру қажет. Бұдан бөлек, әскери қызметтің тартымдылығын арттыру, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін оң шешу, қызметтік жүктемені азайту кезек күтірмейтін іс-шаралар деп білемін.

Сенбі және жексенбі күндері жоспарлы тәрбие іс-шараларының бөлек, «Отбасымен бейнеқоңырау» сервисі шеңберінде мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің (курсанттардың, қадеттердің) ата-аналарымен телефон және бейне байланысы тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.

Бытлар Қорғаныс министрлігі әзірлеп, енгізген профилактикалық жұмыстың жана нысандарының ішінде «Оқиғалар мен құқықбұзушылықтардың профилактикасы әдістемесін», «Әлеуметтік тәуекелдер картасын», «Әскери тәртіпті нығайту жөніндегі лауазымды адамдардың жұмысының үлгілік алгоритмдерін» (бөлімше командирінен бригада командиріне дейін) атап өткен жөн.

Әскери қызметшілерді қызметтік уақытта бақылаудың пәрменді нысандарының бірі онлайн-бақылау және бейнебақылау камераларын қарау болып табылады. Бұл оқиғалардың алдын алуға және сақталдыруға ықпал етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты әскери бөлімдер мен мекемелердің штаттарына оператор лауазымдары енгізілді. Бүгінде Қарулы Күштерде 12 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған.

Сонымен бірге әскери тәртіпті нығайтуда жетістікке жеткен командирлерді ынтылдандыру нысандарын әзірлеу, өзге күштік ведомстволармен профилактикалық жұмыстар бойынша тәжірибе алмасу да тәрбие саласына оң ықпал етпек.

— **Соңғы жылдары «Сарбаз аналары» комитетінің жұмысы жана қарқын алып келеді. Комитеттің жұмысында қандай жаңашылдық бар?**

— Дұрыс айтасыз, армиядағы профилактикалық қызметтің бір аспектісі «Сарбаз аналары» комитетімен өзара іс-қимыл екені белгілі. Қоғамдық ұйым өкілдеріне сарбаздар қызметінің барлық кезеңдерінде, олар әскерге шақырылған сәттен бастап, запасқа шығарылғанға дейін есік ашық. Комитет мүшелеріне әскери бөлімдердің инфрақұрылымымен,

мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің моральдық-психологиялық жай-күйімен, тұрмысымен және қызмет өткеру жағдайымен танысуға, жеке әңгімелесулер, семинарлар мен тренингтер, сауалнамалар мен салтанатты іс-шаралар өткізуге, ұсыныстар енгізуге мүмкіндік берілген.

Комитет өкілдері үшін әскерге шақыру және медициналық комиссиялардың жұмысы кезінде барлық әскери бөлімдерге, сондай-ақ облыстық (қалалық, аудандық) жинау пунктеріне кедергісіз кіруге рұқсат етілді. Осылайша, әскердегі өмірді ашық көрсетуге тырысып келеміз.

— **Генерал мырза, әскерилердің тұрмыс жағдайлары қалай? Жалақылары өсе ме?**

— Биылғы жылдың басты жаңалығы жана жылдан бастап жеті мемлекеттік орган еңбекақы төлеудің бірінші жүйесіне көшті. Бұл жаңашылдық Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Бас прокуратураға, Қаржы мониторингі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне, сондай-ақ Мемлекеттік фельдъегерлік қызметіне қатысты.

Егер бұрын әскери қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу 78 тарифтік санат бойынша жүзеге асырылса, енді бірінші тізілім бойынша 22 позиция бойынша жүргізілетін болады. Бұл жалақы жүйесін елауір жеңілдетілді және бар диспропорцияларды жоюды.

Еңбекке ақы төлеудің жана жүйесіне іске асырылатын болады.

2025 жылғы 1 қантардан бастап офицерлер құрамының лауазымдық жалақысы орта есеппен 20,3%-ға, батальон командирі — 28,2%-ға, қатардағы және сержанттық құрам — 33,9%-ға, бөлімше командирі — 43,1%-ға, полк сержанты — 54,3%-ға артады.

Екінші кезеңде, 2026 жылғы 1 қантардан бастап офицерлер құрамының лауазымдық жалақысы бірінші кезеңдегі жоғарылау деңгейінен орта есеппен 23%-ға артады. Қатардағы және сержанттық құрам алдығы өсімінің 10%-ға өсуін күтеді.

Сондай-ақ бірінші кезеңде бұл өзгеріс 2023 жылы лауазымдық жалақыларының өсуіне байланысты ұшу құрамының әскери қызметшілері мен әскери медицина қызметкерлеріне әсер етпейтінін атап өтеміз.

Сонымен бірге екінші кезеңде барлық күштік мемлекеттік органдар үшін лауазымдар иерархиясын құра отырып, оларды басқа күштік мемлекеттік органдардың ұқсас ұстанымдарына теңестіруге байланысты жекеге лауазымдар бойынша жалақыны арттыру жоспарлануда.

Лауазымдық айлықақыларды арттыру сыныптылығы және мемлекеттік құпияларды қурайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін төленетін үстемеақыны, сондай-ақ сауықтыруға берілетін көтерме жәрдемақыны, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін және тағы басқа ұлғайтуға әсер етеді.

Осылайша, 2025-2026 жылдар ішінде Қарулы Күштер мен басқа да күштік құрылымдар әскери қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларын арттыру орта есеппен 48,2%-ды құрмақ.

Тағы бір айта кетерлігі, мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне арналған «Срочники 2.0» бағдарламасы жұмыс істейді. 2022 жылғы 25 қазанда Қорғаныс министрі жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қойған болатын. Осылайша, келісімде ЖОО есебінен жоғары білім алу үшін орын бөлу көзделген. Сарбаздар осы бағдарлама арқылы 100 пайыз грантпен оқуға түсе алады.

Бұдан бөлек, Қарулы Күштердің цифрлық трансформациясы аясында мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарға кредиттік демалыс беріледі.

Атап айтқанда, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы бұйрық тікелей жүйеде шығарылып, бірден кредиттік бюролардың сервисіне жіберіледі. Кредиттің бар-жоғын анықтағаннан кейін екінші деңгейлі банктер мен микрокредиттік ұйымдар бұл деректерді 14 ай мерзімге кейінге қалдырады.

Қазір жалпы сомасы 5,54 млрд теңгеге 22,5 мың қарыз бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылған 15 мыңнан астам адамға кредиттік қаникул берілді.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Ардақ СҰЛТАН



ғасында қаланады. Сол себепті алдағы уақытта мектептердегі алғашқы әскери дайындық бағдарламасы төңірегіндегі бірқатар мәселе өз шешімін таппақ. Мәселен, бүгінде жоғары сынып оқушыларына арналған бұл пәннің мазмұны көңіл көншітпейді. Одан сабақ беретін мұғалімдердің де тәжірибесі жеткіліксіз. Біз пәннің мазмұнын қарап, біраз қателік таптық. Оны ұсыныс ретінде Оқу-ағарту министрлігіне жолдадық. Министрлік жаңа білім стандарты қабылданған соң, келер жылы «Алғашқы әскери дайындық» оқулығын жанартып, қайта жазып шығуға келісім беріп отыр.

Сонымен қатар таяуда өткен екі ведомствоның біріккен жиынында мектептер мен әскери бөлімдердің байланысын барынша арттыру туралы мәселе қозғалды. Бұл дегеніміз — жас балаларды әскери өмірмен таныстыру, патриотизм, елді қорғау сезімін санасына бекіту үшін Ашық есік күндерін және тағы басқа тәрбиелік мәні жоғары іс-шараларды ұйымдастыру деген сөз.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру деңгейін тым төмен деп бағалауға болмас. «Көш жүре түзеледі» деген. Аздаған кем-кетік болып жатса, алдағы уақытта бәрі орнына келеді. Келешекте әскери комиссарияттар алдында жастарымыз кезекке тұратын уақытқа жететінімізге сенімдімін.

— **Әдетте, армияның қоғамдағы беделін арттырудың түрлі тәсілі бар екенін жиі айтамыз. Ол заманауи әскери техникамен жаратқандан бастап, жоғары жалақы, жақсы имидж, қатан тәртіп пен әділдік дейсіз бе, толып жатқан факторға байланысты екенін білеміз. Соның ішінде әдебиет пен музыка, кино өнері де әскердің беделіне әсер етеді. Алдымен әдебиет туралы айтайық. Жасөспірімді қазір қандай шығарма арқылы армияға қызықтыра аламыз? Белгілі бір конкурстар арқылы жазушылардың Отан қорғаушылар тақырыбына қалам тартуын ынтылдандыруға болмай ма?**

жылдары Тәжік-Ауған шекарасында қызмет атқарған жауынгерлеріміздің ерлігі де әдеби шығармаға арқау болады. Иракта бітімгерлік миссияға қатысқан офицерлеріміз бен сарбаздарымыз бар. Адамзат ежелгі мекендерінің бірі саналатын Месапотомия аймағының бір бөлігі — Ирак жерін минадан тазартуға сарбаздарымыз қатысқан еді. Сонда жүріп мерт болған капитан Қайрат Құдабаев та әдеби кейіпкер бола алар еді. Оның арманы Ирак жеріне барғанда көңілге түйгені, жолдарды, алқаптарды мина мен жарылғыштардан тазартудың қиындығы, сапердің психологиялық күйі, қысқасы тақырып етсе бәрі де әдеби шығармаға сұранып тұр деп ойлаймын.

Бір сөзбен айтқанда, армияда жастарға үлгі болатын азаматтар өте көп. Олар бейбіт күнде ерлік жасап жатады. Отқа оранған үйдің тұрғындарын құтқарған Халық қаһарманы Азамат Жұмалдіовтің ерлігін ешкім ұмыта қойған жоқ. Күні кеше Ақтаудағы ұшақ апатында да зардап шеккендерге алғашқы болып көмекке жеткен әскери қызметші екен. Жүргізушісі есінен танып қалған автобусты тоқтатқан мектеп оқушысы Ақжол Герой да біздің мақтанышымыз. Ондай мысалдар аз емес. Олар туралы жазылса өз оқырманын табатын шығар деп ойлаймын.

Жалпы, болашақта әскер өміріне ақын-жазушыларды көбірек тартып, әдеби байқау, мұшайралар өткізіп тұрсақ артық емес. Қазіргі қазақ қаламгерлері де бейбіт заманның қаһармандары туралы балаларымыз үлгі-өнеге алатын субелі шығармалар жазатынына сенімдімін. Ал ондай шығармаларды оқып өскен жастар әскерге өз еркімен баратынына сенімді көміл.

— **Шайх-Хасан Сатарқұлұлы, әскердегі тәртіп пен тәрбиеге байланысты не істеп жатырсыздар?**

Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясында» «Әскери тәрбиенің негізі — командирдің өміріне міндетті



## ФАНДОМАТ – ПАЙДАЛЫ ҚҰРЫЛҒЫ

Әлемде жыл сайын 2 миллиард тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылатынын білесіз бе? Дүниежүзілік банктің бағалауына сүйенсек, бұл көрсеткіш жаһан бойынша әрбір Жершары тұрғыны күніне орташа мөлшерде 0,74 кг қалдық шығарады деген сөз. Дегенмен бұл сан 0,11 кг-нан 4,54 кг-ға дейін өзгеріп отырады. БҰҰ мәліметіне назар аударсақ, әлемде 2,24 млрд тонна тұрмыстық қалдық жиналса, оның шамамен 55 пайызы ғана қайта өңделеді.

### **А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Сарапшылар 2050 жылға қарай дүниежүзіндегі кокыс көлемі 3,4 миллиард тоннаға дейін артуы мүмкін екенін айтады. Қазірдің өзінде кейінгі жылдардағы көрсеткіштерді салыстыра отырып, жыл сайын шығарылатын қалдық санының күрт өсіп келе жатқанын аңғаруға болады. Кокыс көлемінің ұлғаюына негізінен халық саны мен тұтыну деңгейінің өсуі әсер етіп отыр. Бұл аталған мәселенің алдағы жылдары да әлем жұртшылығы үшін күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың қатарынан түспейтінін көрсетеді.

Жылдар бойы түйіні тарқамаған жаһандық проблема Қазақстанды да айналмай өтпейді. Елімізде жылына шамамен 4,5 миллион тонна кокыс шығарылса, оның бар жоғы 24 пайызы ғана қайта кәлеге жарайды. Бүгінде Қазақстанда 3 мыңнан аса кокыс полигоны бар. Әсіресе, еліміздегі ең ірі мегаполис әрі экономикалық белсенділігі жоғары Алматы шаһары жыл сайын мыңдаған тонна қалдық шығарады. Былтыр «Таза Қазақстан» экологиялық науқаны басталғалы бері ел аумағында 1,4 миллион тонна кокыс жиналса, Алматы қаласы бойынша 2 мың тоннадан астам қалдық шығарылып, полигондарға жіберілген. Екі миллион астам халық шоғырланған Алматыда қалдықты қайта өңдеу мәселесі өзектілігін жойған емес. Себебі қалдық көлемінің шамадан тыс артуы қала экологиясына, ауа сапасына айтарлықтай әсер етіп отыр. Мәселен, шаһарда күн сайын арықтардан 60 тоннаға дейін қалдық жиналады.

Қалдықтарды басқару бөлімінің басшысы Әлімұр Бакеновтың сөзінше, былтыр қаламызда алғаш рет «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңделетін материалдарды қабылдайтын құрылғылар орнатылған. Нәтижесінде, жыл басынан бері 5 мыңнан астам бос ыдыс жиналыпты.

— Фандомат — автоматты түрде пайдаланылған бөтелкелер мен алюминий банкарды қабылдайтын құрылғы. Ол халықтан қайтарлатын пластик бөтелкелер мен алюминий банкарды қабылдап, оларды шағын ақшалай сыйақыға немесе дүкендерде пайдалануға жарайтын бонустарға



айырбастайды. Бұл құрылғы тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу тізбегінің бір бөлігі саналады. Құрылғының тиімді тұсы — кокысты бастапқы кезеңнен сұрыптау арқылы өңдеуге жарамды материалдарды тиімді жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар экологиялық сананы қалыптастырып, тұрғындарды кокысты қайта өңдеу ісіне белсенді қатысуға ынталандырады, — деді ол.

Қазіргі уақытта Алматы қаласы аумағында пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкарды қабылдайтын 53 фандомат (Sparklo ЖШС, Freedom Holding Corp ЖШС) орнатылған. Ең бір ерекшелігі сол — құрылғы процесс барысында жасанды интеллекттің көмегіне сүйенеді.

— Фандоматтардағы жасанды интеллект технологиясы кокысты автоматты түрде

тану және сұрыптау үшін қолданылады. Бұл технология материал түрін анықтап, оны тиісті бөлікке жіберуге мүмкіндік береді. Мұндай заманауи шешімдер Алматы қаласының экологиялық дамуына және кокысты қайта өңдеу жүйесін жетілдіруге үлес қосып келеді, — деді қалдықтарды басқару бөлімінің басшысы Ә. Бакенов.

2025 жылы фандоматтардың санын 100-ге дейін жеткізу жоспарланған. Әлімұр Ғабитұлы құрылғыны мектептерде, жоғары оқу орындарында және сауда орталықтарында көбейту көзделгені, сондай-ақ тұрғындарды фандоматтарды белсенді пайдалануға ынталандыру үшін арнайы бағдарламалар мен науқандар өткізу мәселесі алға қойылғанын атап өтті.

Ал қала әкімдігі мегаполисте тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту белсенді түрде жүргізіліп келе жатқанын, соның бір мысалы — былтыр қалада ескі метал контейнерлердің орнына көлемі 3 метр текше болатын заманауи пластикалық тереңдетілген контейнерлер орнатылғанын мәлімдеді. Кокыс сұрыптау кешені жылына 550 мың тоннаға дейін қалдықтарды өңдейді.

— Тереңдетілген контейнерлер жерді үнемдейді, жағымсыз иіс шығармайды және бұралқы ит-мысықтың кіруіне тосқауыл болады. Қазір қалада 1454 контейнер алаңы бар, оның 287-і тереңдетіле көмілген. Экологиялық мәдениетті дамыту мақсатында 8 қайталама шикізат қабылдау пунктін ашылды, оның ішінде EcoSen экобекеттері мен Esonetwork экохабы бар. Сондай-ақ «құрғақ» қалдықтарды жинауға арналған 1 300-ден астам контейнер орнатылды. Алматы қаласы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметімен 100 пайыз қамтылған. Бұл қызметке 21 кокыс тасымалдау ұйымы жауапты, — деді Алматы қаласы әкімдігі.

Осыған дейін Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев қалдықтарды қайта өңдеу ісін 40 пайызға дейін жеткізуіміз тиіс екенін айтқан еді. Өкінішке қарай, жоғарыда біз атап өткен 3 мыңнан асатын кокыс полигонының 80 пайызға жуығы экологиялық және санитариялық нормаларға сай келмейді. Одан өзге жылдар бойы ел ішінде талқыланып келе жатқан заңсыз орналасқан полигондар тағы бар. Экологтар мұндай кокыс полигондарының көбеюі, нәтижесінде еліміздің үлкен кокыс алаңына айналуы жақсы үрдіс емес екенін айтып дабыл қағады. Мұның соңы болашақта экологиялық зардаптарға әкеліп, тұрғындардың өмір сүру сапасына кері әсерін тигізеді.



## ҚОРҒАСЫН ЗАУЫТЫ ҚАЛДЫҒЫНАН ҚҰТЫЛАДЫ

Шымкентте жетпіс жыл бойы жинақталған қорғасын зауытынан қалған 2 миллион тоннаға жуық қалдық бар. Өндіріс қалдықтарының адам денсаулығына аса зияндығы айтпаса да түсінікті.

### **А** Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Қалдықтар ашық жатқандықтан жел соққан күндері ауаға көтеріліп, шанды тозан қаланы басып қалады. Өндірісте өбден қорытылып, зиянсыз қалдық ретінде сыртқа шығарылған үйіндінің өзінде ғалымдар көптеген ауыр металл тапқан. Салдарынан, сол мандағы тұрғындар анемия, аллергия секілді созылмалы сырқатқа жиі шалдығады. Өйткені ағаға сінген қорғасынды шығару мүмкін емес. Ғалымдар қорғасын қандай мөлшерде болсын суда, ауада жинала беретінін айтады. Қорғасын — бұл ауыр металл, адам өміріне қауіпті мөлшері 10 граммға тең екен. Ағзаға қорғасын қосылыстары асқорыту жүйесі, тыныс алу жүйесі, тері арқылы түседі. Қорғасынмен ұланғанды кезде миға зақым келеді, қанның тыныс алу қызметі, ас қорыту жүйесінің қызметі бұзылады.

Сонымен, осынау зиянды қалдықтардан құтылудың амалын шымкенттік билік 2020 жылы бастаған-ды. 2020 жылдың қараша айында өндіріс қалдықтарын өңдейтін зауыт ашылды. Тау болып үйілген күл жана технологияның көмегімен

орнатылған, 7 цех бар. Қуаттылығы тәулігіне 500 тоннаны құрайды. Өте жоғары температурада балқытылып, өңделеді», — деді атқарушы директор.

Заманауи ірі кәсіпорынның ашылуына қатысқан Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев өз сөзінде бұрынғы қорғасын зауытынан қалған қалдық өңір экологиясына кері әсерін тигізетінін айтты. Сондай-ақ бұл аймақта әлі де қорғасын қалдықтары бар екенін тілге тиек етті. «Бүгінгі таңда қорғасын зауыты істемесе де, одан қалып кеткен осы қалдық үймелерінің адам денсаулығына келтіріп жатқан зияны өте көп. Себебі осы манайда 4-5 шақырым жерде әлі де топырақта осы қорғасынның бар екені белгілі. Сол себепті мынау өзі зауыт заманауи технологиямен салынған. Осындай зауыт бүгінде Америкада, Қытайда бар. Міне, Қазақстанға келді. 4 өндіру пешінен тұратын зауыттың қазір екеуі жұмыс істеп тұр. Биыл қалған екі пеш қосылады. Жылына 300 мың тонна қалдық өңделеді», — деді Ерлан Нысанбаев.

Ал Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков өндірісті іске қосу қала экономикасының дамуына ғана емес, өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметінің



өңделіп, одан түсті металға арналған концентрат және цемент қоспасы шығарылатын болды. Бұл жана технологияға негізделген қуатты кәсіпорынның алғашқы желісі болатын. Әкімдік мамандары жана зауыт жылына 400 мың тонна қалдық өңдеуге қауқарлы. Өндіріс орны толық қуатымен жұмыс істейтін болса қордаланып қалған өндірістік қалдықтарды әрі кеткенде 5-6 жылда өңдеп, тауысалды дегенді.

Дегенмен тау болып үйілген қорғасын қалдығы содан бері 5 жыл өтсе де әлі күнге дейін таусылмай келеді. Жуырда қалғы кәсіпорынның екінші желісі іске қосылды. Кәсіпорын қорғасын зауыты қалдықтарын пайдалана отырып мырыш оксидін өндіреді.

Өндіріс ошағының іске қосылуы шаһар экологиясының мәселесін біршама шешіп, мыңдаған адамды тұрақты жұмыспен қамтымақ. Қорғасын өндірісінен қалған шлак қалдығының қала экологиясына кері әсері бар. Ашық аспан астында жатқан 2,5 миллион тонна қалдықты қайта өңдеу үшін Standard Steel KZ серіктестігі зауыт құрылысын жүргізіп, қайта өңдеуді қолға алып отыр. Standard Steel KZ ЖШС-ның атқарушы директоры Ақжан Тойбаев мұнда бұрынғы қорғасын зауытынан қалған қалдықтарды өңдеп, балқыту арқылы құрамынан мырышты бөліп алатынын айтып өтті. «Мұны флюминговий пеш дейді. Мұнда 2 пеш

экологиялық зардаптарын төмендететінін атап өтті. Сонымен бірге, Standard Steel KZ компаниясы тек қана бұл жобаны ғана іске асырмай, орта және шағын кәсіпкерлерге жағдай жасап беріп отырғанын тілге тиек етті. Зауыт толық автоматтандырылып, қауіпсіздік шарасы сақталған. Экологияға да әсері болмайды дейді жауаптылар. Мұнда қазір барлығы 600 адам жұмыспен қамтылған. Жобаның жалпы инвестициялық құны 13,3 миллиард теңгені құрап отыр.

Айта кетейік, 1934 жылы салынған Шымкент қорғасын зауыты республиканың онтүстігінде металлургия өнеркәсібінің негізін қалады. Қуаттылығы жылына 30 мың тонна тазартылған қорғасын өндіруге мүмкіндік берген кәсіпорын ол кезде тұрғындарға аса экологиялық проблема тудырмаған. Сол кездері Шымкентте кәсіпорынмен қатар, индустриялық аймақ та дамыды. Өндіріс орындарының зиянды қалдықтары ескерілместен тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар бой көтерді. Міне, бүгінде таудай болған үйінді өндіріс қалдығы сол манайдағы тұрғындар үшін зиянды болып отыр. Енді жылдар бойы ен болмаса үсті жабылмаған қалдықтан құтылар күн де алыс емес. Жанадан ашылған мырыш оксидін өндіретін кәсіпорын енді тұрғындарды осынау зиянды қалдықтардан құтқарады деген үміт мол.

## ТАСҚЫН ТУРАСЫНДА ТАҒЫ ДА ШУ

Тасқыннан қорғану үшін тұрғызылған бөгеттер салдарынан Атырауда құс фабрикасы салынбай қалған.



### **А** Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

«Құс фабрикасын аша алмай отырмын. Менің түсінбей жүргенім, жер заңды түрде менікі болғанымен, ол аумаққа бөгет салынатынын ешкім маған ескертпеді. Ше-неуіңкірден жауап ала алмағандықтан, Атырау облысының кәсіпкерлер палатасына жүгінуге мәжбүр болып отырмын», — дейді кәсіпкер Вячеслав Орлов.

Кәсіпкердің айтуынша, ол 2022 жылдың қазан айында Махамбет ауданының Бейбарыс ауылынан жалпы аумағы 2,7 гектар болатын жер учаскесін сатып алған.

«Сатып алынған жерге құс фабрикасын ашу мақсатында өткен жылдың басында ол учаскені қоршап, трансформаторлық қосалқы станция орнаттым. Бірақ жоспарымның бәрі қағаз күйінде қалды. Менің учаскеме бөгет салынып жатқаны туралы маған ешкім хабарланған жоқ, ресми түрде ешқандай органға рұқсат бермедім. Мәселені шешу үшін ауылдық, аудандық әкімдіктерге бардым, бірақ мардымды жауап ала алмай отырмын», — дейді Вячеслав Орлов.

Белгілі болғанындай, Бейбарыс ауылы территориясы жағынан Махамбет ауданына қарағанымен, кәсіпкердің жеріне тұрғызылған бөгет аумағы Атырау қаласына бағынысты болып шықты.



«Біздің қолымызда су тасқыны салдарынан зардап шеккен аудандық кәсіпкерлердің тізімі бар. Бұл — шамамен 105 бизнес субъектісі. Қазіргі уақытта оларға өтемақы төлеу жұмыстары жүргізілуде. Олардың арасында Вячеслав Орлов жоқ, өйткені біздің баланста оның учаскесі арқылы өтетін бөгет жоқ», — деді Махамбет аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Ақылбек Салиев.

Дегенмен спикер кәсіпкерге көмек көрсетудің заңда көрсетілген жолдары бар екенін айтты.

«Мемлекет мұқтажлығы үшін жер учаскесі алынған жағдайда оның өтемін берудің екі жолы бар. Бірінші — қаржылай өтемақы төлеу немесе тең бағалағы жер учаскесіне ауыстырып беру. Қазіргі уақытта

тура осындай 2,7 гектар жерді ауыстырып беретін жер жоқ. Тек қана ақша беру жағын қарастырамыз. Кәсіпкер келіспесе, мәселе ары қарай сотпен шешіледі», — дейді Махамбет аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Ақылбек Салиев.

«Атамеке» кәсіпкерлік палатасының бизнес-омбудсмені Сәрсенбай Жолдыбаевтың айтуынша, былтыр тасқын кезінде қорғаныс жұмыстары өте қысқа мерзімде жедел жүргізілген. Сондықтан әкімдік пен Төтенше жағдайлар департаменті бөгеттердің есебін жүргізіп, заңдастыруды жеделдетуі қажет.

«Осыдан кейін ғана кәсіпкерге жана жер учаскесін береді немесе бөгет салынған аумақты ол өз күшімен қалпына келтіруі керек», — дейді бизнес-омбудсмен Сәрсенбай Жолдыбаев.

Тасқын кезінде зардап шегіп, әлі күнге дейін өтемақы ала алмай жүрген кәсіпкер жалғыз Вячеслав Орлов емес. Атырау облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының өкілі Саттығұл Сабыровтың айтуынша, 2024 жылы табиғи апаттан 300-ге жуық кәсіпкерлік нысандары зардап шеккен.

«Нақтырақ айтсақ, 291 кәсіпкер жалпы көлемі 5,8 млрд теңге шығынға ұшырады. Құрылған арнайы комиссия мәселені жан-жақты зерделеп келіп, 5,6 млрд теңге кәсіпкерлерге республикалық бюджеттің резерві есебінен төленді. Қалған сумма бюджеттік емес қор есебінен төленуде. Дегенмен Атырау облыстық өңірлік комиссия шешімімен 7 кәсіпкерлік субъектінің өтінімі қанағаттандырылған жоқ», — дейді Атырау облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының өкілі Саттығұл Сабыров.

Зардап шеккен кәсіпкерлік нысандар қатарында Жылыой, Махамбет, Қызылқоға, Атырау қаласы бойынша шаруа қожалықтары, жылыжай нысандары, дүкен, наубайханалар да болғанын атап өткеніміз жөн.

Қазір Атырауда төтенше жағдайлар департаменті жанынан құрылған жедел штаб қорғаныс бөгеттерін салуды жалғастырып жатыр. Негізгі күш Жылыой ауданы мен Махамбет ауданына бөлінуде.

Тасқынға қарсы жұмыстар жалғасуда. Дегенмен соңғы уақытта Атырауда көбейген қарсылықтар шаруалар, кәсіпкерлер, тұрғындардың жергілікті билікпен арадағы байланысы ақап жатқанын көрсетіп отыр.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» АҚ автокөлік құралдарын сату бойынша сауда жүргізеді. Егжей-тегжейлі ақпарат <https://codnb.kz/> сайтының «Мүлікті сату» бөлімінде.

16 ҚАҢТАР 2024 | БЕЙСЕНБІ



Соңғы уақытта түсірілген отандық фильмдер жаңа мазмұндық жанға ауысуы мен киногерлердің сапалы жұмысының нәтижесінде әлемдік кинофестивальдерден жүлделі орындарға ие болып жатыр. Былтыр Ұлттық киноны қолдау орталығының қолдауымен 17 жоба түсіріліп, көрерменге ұсынылып еді. Соның бірқатары ірі кинофестивальдерде үздік кино қатарынан көрініп, отандық киноиндустрияның жеңісін еселетті.

## «ШАТЫРДАҒЫ ЕКЕУ» ӘЛЕУМЕТТІК ЕРТЕГІ ЕМЕС

**Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

Атап айтқанда, Ернар Нұрғалиевтің «Алға» фильмі Иранда өткен 14-ші халықаралық спорттық фильмдер фестивалінде екі номинацияға, Асхат Кученчирековтің «Бауырына салу» фильмі Франциядағы Сінема Негітае фестивалінде арнайы жүлдеге ие болып, биылғы «Оскар» сыйлығына ұсынылса, Данияр Саламаттың «Талақ» фильмі де Шанхай кинофестивалінде үздік танылып, 14 фильмнен озық шыққан еді. Қазақ киносына биыл алғашқы жеңіс әкелген фильм – «Шатырдағы екеу». Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген киноның режиссері – Гүлшат Смағұлова. Бұл – оның тұңғыш режиссерлік дебюті.

ге шексіз алғысымызды айтуымыз керек. Өйткені еліміздің кинематографиясының дамуына үлес қосып, жас киногерлерге үміт сыйлайтын қауым – көрермен ғана, – деді режиссер Гүлшат Смағұлова.

Кино сюжеті бойынша, балалар үйінің тәрбиеленушісі жиырма жастағы үйсіз-күйсіз жүрген Дамир құжаттарын реттеу және қалыпты өмір сүру дағдысын бастау үшін Алматыға келеді. Бастапқыда тегін пәтер іздеп, қаланың қатпарындағы көпқабатты үйлердің шатырын паналайды. Күндердің бірінде аутизмге шалдыққан, сөйлеу қабілеті нашар дамыған жасөспірім Костя үйінен қашып, шатырдағы Дамирдің «пәтеріне» келеді. Алайда шатыр үстінде екі жасөспірім «пәтерге» таласу кезінде Костя сөйлеп, сөздерді анық айта бастайды. Бұл аутизмді бар баланың ата-анасы үшін күтпеген ең жақсы

тер» номинациясына ие болды. Режиссер Гүлшат Смағұлованың айтуынша, кастингке қатысқан 15 үміткердің ішінен Александр Черепанов жоғары актерлік шеберлігімен көзге түсіп, басты рөлге лайықты деп тандалған.

– Кейіпкер Костяның рөліне актер тандау Александр Черепановтың ұмтылысы ерекше байқалды. Өзінің кейіпкерін сезінгені соншалық, басқа бәсекелестерінен озық шықты. Фильмнің негізгі идеясы – кез келген жағдайда ортақ тіл табуы не достық мейірімділік қана емес, елдің рухына көрінісін көрсету. Мысалға локацияның өзі дәлел. Алматы қаласын тандап алуымыздың себебі, бұл қала көптірлікті, мәдениеттер мен дәстүрлердің үйлесімін өте жақсы бейнелей алады. Француздар фильмдерінде Парижді қалай көрсетсе, біз де Алматыны солай көрсетеміз. Бұл өте орынды шешім, себебі Алматы – өз алдына бір әлем, ғимараттар мен көшелерінен бөлек, тарихының өзі үлкен дерек беретін қала. Бұл – локация жай көрініс қана емес, қаланың өзіне тән рухын, өмірін, тынысын бере алатын ерекше орын. Алматы осы жерден көрініп, өзінің көпмәдениетті, көпқырлы болмысын ашады. Кейде маған бұл жанрды «әлеуметтік ертегі» деп атауға болады дейді. Бірақ неге біз болуы мүмкіндігі аз жақсы нәрсенің бәрін ертегі деп атаймыз? Бұл біздің ерекше қаламыз сияқты шынайы болуы мүмкін емес пе? – дейді режиссер.

Диагнозы белгісіз аутизм сияқты дертке шалдыққан адамдардың біз біле бермейтін өз әлемі бар. Кездескен қиындыққа қарсы тұруға күші мен жігері де жетеді. Өмірдің нақты осындай мысалдарын көрсеткен «Шатырдағы екеу» фильмінен көрерменнің көбі хабарсыз. Алайда фильмнің бүгінгі халықаралық кинофестивальде дүйім жұртты мойын-



Үндістандағы «Алтын арыстан» халықаралық кинофестивалінде жеңімпаз атанған фильм мазмұндық жағынан қоғамда көпті ойландыратын өзекті тақырыпқа негізделіп түсірілген. Қиындыққа толы жас жігіт Дамир мен аутизмге шалдыққан жасөспірім Костяның арасындағы достық сезімі мен отбасындағы сүйіспеншілікке толы сәт ерекше суреттелген. Бұл тек елімізде ғана емес, әлемді толғандыратын тақырыпқа айналғаны қашан?!

– Біз авторлық кино емес, көрермен киносын түсіретінімізді бұрыннан білетінбіз. Сондықтан көрерменге ұнауы үшін, бір жағынан жағымсыз әсер сыйлайтын орыннан алшақтап, тек жарқын және танымал орындарды іздедік. Мәселен, Талғарда түрлі экскурсия өтетін орындар көп, ол жерде ковбойлар да керемет киім үлгілерімен көзге бірден түседі. Біз осы сияқты кез келген дүниеден сұлулық іздедік, сонда ғана көрсеткіміз келген оқиға шынайы болатынына сендік. Достық махаббаттың қандай қымбат екенін, оның адам өмірінде ерекше орынға ие болатынын көрермен түсінсе екен. Актерлік құрам өте шебер ойнап шықты, қателік те болмағанын нық сеніммен айта аламын. Ал қазір қазақстандық көрермен-



**Біз авторлық кино емес, көрермен киносын түсіретінімізді бұрыннан білетінбіз. Сондықтан көрерменге ұнауы үшін, бір жағынан жағымсыз әсер сыйлайтын орыннан алшақтап, тек жарқын және танымал орындарды іздедік.**

жаңалықтың бірі еді. Сондықтан бұл жақсылық Дамирдің арқасында келді деп түсінеді. Бұған дейін қиындық көрген Дамирдің өмірі тағы да ауыртпалықтармен жалғасалы. Ал аутизмге шалдыққан Костяның кез келген адаммен ортақ тіл табуы алуы қоғамдағы осындай жағдайға тап болған адамдарға тағы бір үміт сыйлайды.

Фильмдегі басты кейіпкер аутизмге шалдыққан Костяның рөлін сомдаған Александр Черепанов Нью-Йорктегі Oniros Film Awards халықаралық кинопремиясында «Жас ак-

датқан жеңісі көпшіліктің қызығушылығын тудыратыны сөзсіз.

Айта кетейік, «Шатырдағы екеу» Гүлшат Смағұлованың алғашқы режиссерлік дебюті болғанымен, бұған дейін продюсерлік жұмысымен бірқатар үздік кинофестивальдерде топ жарды. Режиссер Инкәр Әбдіраштың «Ұмай» қысқаметражды фильмінде продюсерлік жұмыс атқарып, British International Amateur Film Festival (BIAFF) халықаралық әуесқой кинофестивалінде екі жүлдеге ие болды.

## «ЖОШЫ ХАН» ЕЛДЕ ТҮСІРІЛЕДІ

14 қаңтарда Ыстамбұлдағы Karga Seven Pictures кинокомпаниясының кеңсесінде шартты атауы «Алтын империя» жобасы бойынша шығармашылық топтың отырысы өтті.



Кездесуге Қазақстанның Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, Karga Seven Pictures компаниясының тең құрылтайшылары Эмре Сахин мен Фикрет Маноглу қатысып, сериалдың 6 эпизодының сценарийлері мен басты рөлдерге актерлік құрамын бекітті.

Айта кетейік, 4 000-нан астам өтінімнің ішінен 350 актер іріктеліп алынды. Олардың арасында 250 қазақстандық және Швеция, Бельгия, Англия, Германия, АҚШ, Моңғолия елдерінен 100 әртіс бар. Оған қоса, кездесуде костюмдер, декорациялар мен реквизиттер танытырылған.

Бұған дейін Қазақстанда сериал түсірілімінің тек 40%-ы өтеді деп жоспарланған еді. Алайда сериалдың бас продюсері және режиссері Эмре Сахин локацияларды жан-жақты зерттеген соң, түсірілімді толығымен Қазақстанға көшіруді ұйғарған. Түсірілім жұмыстары 2025 жылдың ақпанында басталады.

Сонымен бірге, кастингтің екінші кезеңін өткізу жоспарланып отыр. Бұл екінші пландағы және балалар рөлдеріне арналмақ.

«Дара» Президенттік бастамалар қоры жүзеге асырып жатқан және Жошы хан ұлысының 800 жылдығына орайластырылған «Алтын орда» сериалының сценарийін әзірлеуге Джастин Поллард («Викингтер»), Клэр Мурсом («Заннан тыс патша») сияқты танымал сценаристер, сондай-ақ қазақстандық және халықаралық тарихшылар мен сарапшылар қатысқан.

Сериал авторлары Жошы ұлысының, Алтын Орданың тарихына, көшпелі халықтар мен қазақтың мәдени құндылықтары мен өмір салтына зерттеу жүргізген.

Алтын орданың тарихы халықаралық аудитория мен дистрибуторлардың үлкен қызығушылығын тудырып отыр. Жаңа сериал әлем көрермендерінің назарын аударатын ауқымды жоба бола алады.

## «Жас еңбекшілер» жобасы басталды

Астанада жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру үшін қала колледждерінде «Жас еңбекшілер» жобасы іске қосылды.



Астана Polytechnic жоғары колледжі директорының орынбасары Майра Сембинаның айтуынша, оқу орны елордада «Жұмысшы мамандықтары жылын» жүзеге асыру үшін алты басым бағытты қамтитын 40-тан астам іс-шараны жоспарлап отыр. Олардың ішінде ең маңыздысы – биыл мамыр айында өтетін Polytech Generation 2025 халықаралық фестивалі.

«Бұл жұмысшы мамандықтары танымал етуге және техникалық мамандықтардың он имиджін қалыптастыруға арналған бірінші халықаралық фестиваль болмақ. Біз тек Қазақстаннан ғана емес, әлемдік жетекші орта арнаулы оқу

орындарынан да политехникалық колледждер қатысады деп күтіп отырмыз», – деді Майра Сембина.

Жыл басынан бері колледж студенттері келешегі зор жобаларды әзірлеуге белсенділік танытып келеді. Республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен Павлодарда өткен хақатонға қатысушылар – Саят Жүнісов, Асанәлі Бабаев және Әділ Алтынбек генеративті нейрондық желілерді пайдалана отырып, алаяқтық әрекеттерді анықтау жобасын ұсынды. Астана Polytechnic колледжінің студенттері «Жұмысшы мамандықтары жылы» бастамасын оң қабылдады.



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АППЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОВИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАБСАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНЖАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4545**

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,